

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 1051 және 2006 жылғы 23 ақпандағы N 117 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 желтоқсандағы N 1179 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) (күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.29. N 598 Қаулысымен).

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы N 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы N 117 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2006 ж., N 7, 53 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда :

"Самұрық" холдингі" АҚ қызметінің негізгі қағидаттары" деген 2-бөлімде: мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"ұлттық және салааралық ауқымдағы тұжырымдамалық инвестициялық шешімдерді өз і р л е у ;

инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету.";

бесінші абзац "өкілдік ету" деген сөздерден кейін "және инвестициялық функцияларды орындау" деген сөздермен толықтырылсын;

"Самұрық" холдингі" АҚ-тың функциялары" деген 3-бөлім ", сондай-ақ мынадай инвестициялық функцияларды іске асырады:

ұлттық және салааралық ауқымдағы тұжырымдамалық инвестициялық шешімдерді және тиісті ТЭН өз і р л е у ;

жобаларды сүйемелдеу және оларға қатысушыларды құрылымдау; жобаларды бірлесіп қаржыландыру" деген сөздермен толықтырылсын;

"Самұрық" холдингі" АҚ-ты басқару мәселелері" деген 4-бөлімде:

бірінші абзацтың екінші сөйлемі алынып тасталсын;

ү ш і н ш і а б з а ц т а :

бірінші сөйлем "Самұрық" холдингі" АҚ-тың атқарушы директоры" деген сөздерден кейін "және өзге де тұлғалар" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші сөйлем алынып тасталсын.

оныншы абзац "кірістер" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге көздер" деген сөздермен және "

Компаниялардың акциялары пакеттерін сатудан түскен кірістер де инвестициялық қызметті қаржыландыруға жіберіледі" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК